



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

**№ 018 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2004 жылғы 16 тамыз**

**Халықаралық резервтер және ақша базасы
туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2004 жылғы 16 тамызда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	6 683,9	6 727,9
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	5 978,2	5 978,2
Алтын	705,7	749,7
Ақша базасы, млрд. теңге	382,7	382,7
KZT/USD (кезең аяғында)	135,14	144,22
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	392,75	417,25

* 2003 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2004 жылғы тамыздың бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтерінің көбею үрдісі жалғасты.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 0,4%-ке (немесе 29,9 млн.долл.) төмендеді. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногынан валюта сатып алуы және Қаржы министрлігінің Ұлттық Банктегі есепшоттарына валютаның түсуі таза валюта қорларын (ЕАВ) 21,6 млн.долларға толықтыруға ықпал етті. Алтынмен активтер Ұлттық Банк жүргізген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 0,8%-ке өсуі нәтижесінде 8,3 млн. долларға көбейді.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 0,4%-ке өсті, ЕАВ-мен таза активтер – 0,4%-ке, алтынмен активтер – 0,4%-ке көбейді.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 3 742,8 млн. долл.) қоса алғанда 10 432,1 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі 0,4 % болды.

2004 жылғы тамыз айының бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің ұлғаюы ақша базасының 0,6%-ке (немесе 2,5 млрд. теңгеге) кеңеюіне себепші болды.